Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «Лего» конструкторлардан құрастыру: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Қағаздан құрастыру: Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын,

	қатты, баяу, жылдам) Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйем елдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді меңгерту Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сазсырнайды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мұқият беру Билер: Жұппен би қимылдарын орындауды; билерде ойнаудағы музыкалық қимылдарды қолдануды қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Заттық әлем: Көліктүрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу Байланыс және қозғалыс құралдары: Өрт түрлі көлік құралдары мен оларды басқаратына да мектеп туралы білімдерін жетілдіру. Еңбекке баулу Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарындамыту. Жолда жүру ережелері. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Өсімдіктер әлемі. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жануарлар әлемі.

	Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста-құстарды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуды қалыптастыру.
--	--

Білім беру ұйымы : “MDU Baqytty bala” балабақшасы

Топ/сынып: “Айгөлек ” ересек топ

Ақпан айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарына алғасозып көтеру. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Негізгі қимылдар: Жүруді жүгірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүргізу күрсаудан еңбектеп өту. 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, допты бір-біріне төменнен және бастанасыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; оңға, солға бұрылу Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мүз жолмен өзбетінше сырғанау. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, күрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өзбетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға

	үйрету.Таракты,қолорамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықты дұрыс қолдану,тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен олардытазалау,құрғату.Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды,қылқаламдарды жуу,үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшінтүрлі жолдармен жалаң аяқжүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау.Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөзтіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көпқолданылатын сын есімдерді,етістіктерді,есімдіктерді қолдануын пысықтау. Тілдің грамматикалық құрылымы Сан есімдерді ретімен атауға, жекеше және көпшетүрде қолдана білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету:шығармалардың,ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі,әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді,әңгімелерді,өлеңдерді тыңдауға,көркем сөзге,кітапқа қызығушылыққа баулу.
Қазақ тілі	Тілдікдамытушыорта Бейнелеуқұралдарынқолданаотырып,еркін ойындардажәне сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйінжеткізуге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тынысалуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тәң, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздікқор Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету Байланыстырып сөйлеу Өзімен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығына жырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру.

Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүйемен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде теңемесетін еместігін анықтай білуді үйрету. Сан, санау: Сандарды реті бойынша атауға «нәшінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішкесінесімдермен белгілеуді үйретуді жалғастыру. Геометриялық пішіндер: Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды жетілдіру (ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруы, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Сурет салу	«Қызғалдақ», «қошқармүйіз», «қойізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуансызықтарды алқылқаламның ұшы мен жіңішке сызықтарды жүргізуді. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді үйретуді жалғастыру.
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылыққа білетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзусызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісуді дамыту Қағаздан құрастыру: Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, астау,) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі

	құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам) Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анықайтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап барабанды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүруін дамыту
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің атын, тегін, жасын, жынысына сай білуге үйрету Заттық әлем: Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қарастыру. Байланыс және қозғалыс құралдары: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Еңбекке баулу Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері туралы түсініктерді қалыптастыру. Жолда жүру ережелері. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, желсоқты), соған сәйкес киінуін жетілдіру. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі. Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау);

Білім беру ұйымы : “MDU Baqytty bala” балабақшасы
Топ/сынып: “Айгөлек ” ересек топ

Наурыз айы

Ұйым дас тырыл ған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынық тыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Негізгі қимылдар: жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: жетекшіні ауыстырып жүгіру гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; орнында айналу; Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде

	ересектерге жүгінуге баулу. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өзбетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды пысықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдыларын дамыту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаңаяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөзтіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту Сөздік қор. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі мен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонаққаде», «сыбаға», асқайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.

Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тәң, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Шығарманы жеткізуде оның мазмұнымен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мүмкіндіктер беру. Сан, санау: Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау). Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау:

	Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжеттік композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді пысықтау. «құстұмсық», «ботамойын», «ботакөз» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру.
Мүсін деу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру.
Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау.
Құрас тыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды дамыту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.
Музы ка	Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс

	әндерді сахналауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану, қарапайым әуендерді ойнауын дамыту Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.
Қорша ған орта мен таныс тыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу Заттық әлем: Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Байланыс және қозғалыс құралдары: Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету Менің Отаным–Қазақстан. Отанымыз–Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Жолда жүру ережелері. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Өлі табиғат құбылыстарымен заттары. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Жануарлар әлемі. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).

Білім беру ұйымы : “MDU Baqytty bala” балабақшасы

Топ/сынып: “Айгөлек ” ересек топ

Сәуір айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға,екі жаққа,жоғары көтеру(біруақытта,кезекпен),төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеудетұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп,жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені,содан кейін аяқтың ұшын қою,тарсылдату.Қатарынан4-5рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Негізгі қимылдар: бағытты және қарқынды өзгертіп жүру 1–1,5минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Бөренеден аттап өту Орнынан ұзындыққа(шамамен70сантиметр),қысқа секіргішпен секіру. Допты жоғары лақтыру қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап,еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту, араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс,бұрынүйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету,ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.Доптармен,секіргіштермен,құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Дене белсенділігі(таңертеңгі жаттығу,шынықтыру,спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы

	түсінікті кеңейту. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өзбетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қолорамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды дамыту. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен Жалаңаяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды жасату
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және еңбектік ұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.

Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұнымен сипатына сәйкес такпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өзбетінше қолдануға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеу де тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып өйлеу бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. Сан, санау: Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру Геометриялық пішіндер: Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) дамыту

	Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстерімен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және олар түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру.
Жапсыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішініне скере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Қағаздан құрастыру: «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға ынталандыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыруды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндермен күйлерді тыңдату. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші

	октавашегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап металлофонды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мүмкіндік беру Билер: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындауды дамыту
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Заттық әлем: Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Байланыс және қозғалыс құралдары: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлік тежұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Еңбекке баулу Топта кезекшілердің міндеттерін өзбетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелермен майлықтарды, асқұралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қоюды пысықтау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға баулу Менің Отаным – Қазақстан. Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Жолда жүру ережелері. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өлі табиғат құбылыстарымен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту. Өсімдіктер әлемі. Бақылау, эксперимент және еңбек етубарысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Жануарлар әлемі.

	Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарын кеңейту, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлармен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулуды жетілдіру.
--	---

Білім беру ұйымы : “MDU Baqytty bala” балабақшасы

Топ/сынып: “Айгөлек ” ересек топ

Мамыр айы

Ұйым дас тырылға н іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықт ыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты аяқастырып, отыру және тұру. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бірқырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Негізгі қимылдар: қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп жүру. Орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру гимнастикалық скамейкадан аттап өту орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр) секіру. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. оңға, солға бұрылу орнында айналу; Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністермен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы жетілдіру. Дербес қимыл белсенділігі: Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар

	жасау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін,ластанған кезде қолды өзбетінше сабынмен жууға,тісін тазалауға үйрету.Тарақты,қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын(қасық,шанышқы),майлықты дұрыс қолдану,тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюын пысықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді,тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинауды, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалауды,құрғатуды.Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды,қылқаламдарды жуу,үстелді сүрту дағдыларын дамыту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: аяқтарды,денені шаю,әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен,жылы күндері шөптің,күмның үстімен жалаңаяқ жүруді.Тыныс алу жолдарын шынықтыруды жетілдіру.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтармен жаңылтпаштар айтқызу Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сөздік қор. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электро техника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуғаүйрету:оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету.
Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру,санамақ,жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу.Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауды үйрету

Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге,еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Тілдің грамматикалық құрылымы Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдер мен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға,бір-бірімен еркін диалог құруға,еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру,заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. Сан, санау: «Қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі заттыүстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттардысалыстыруға машықтандыру Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атауды қалыптастыру(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе ұзындығы,ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша тең). Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау,берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды,заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел,сол жағымда орындық тұр).

	Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша ара қатынасын беруге үйрету: ағаш биік,бұта ағаштан аласа,гүл бұтадан аласа. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін,олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау,2-3элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
Мүсіндеу	Мүсінделген заттың,фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу,оларды орналастыру,пропорцияларды сақтау,бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндермен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау,жұмысты ұқыптылықпен орындау.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан,«лего»конструкторлардан құрастыру: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып,пластиналарды тігінен және кірпіштерді,бөлшектерді көлденеңінен орналастыру,құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату және атау,оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру,құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау дағдысын дамыту. Қағаздан құрастыру: «Оригами»үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруын дамыту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Шығармашылық қиялды дамыту,көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру.
Музыка	Музыка тыңдау: жоғары дыбыстарды ажырату (секта, септима шегінде жоғары,төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу

	дағдысын бекіту Ән айту: Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секірін бекіту. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық аспаптарды тану және атауды. Ағашқа асықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнауды бекіту. Билер: Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру дағдысын жетілдіру. Заттық әлем: Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуді. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Байланыс және қозғалыс құралдары: Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Еңбекке баулу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: өсімдіктерге күтім жасау, оларды суару, ауладағы гулдерді суару. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға үйрету. Менің Отаным – Қазақстан. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.

	Өлі табиғат құбылыстарымен заттары. Ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, тас, саздың қасиеттерін анықтау дағдысын бекіту. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман). Жануарлар әлемі. Құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелерімен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.
--	---